

*Г.Р. Нұрымбетова\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>саяси ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті архиві,  
XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының басшысы,  
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: gulshat\_nurymbet@mail.ru*

## ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЛАР

### *Аңдатпа*

Мақалада автор Қазақстанда XX ғасырдың 30-50 жылдарында орын алған саяси қуғын-сүргін тарихын нақты фактілер мен мысалдар негізінде пайымдаған. Сол кездегі заңсыздық пен озбырлық талай қазақ зиялыларының өмірін қиды. Сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алшақтағанын құжаттар негізінде ашқан. Әйтпесе, бір аптада жүздеген, бір айда мыңдаған «халық жауларын», алашордашыларды, шетел тыңшыларын т. б. әшкерелеу мүмкін емес қой. Советтер елінің әлеуметтік негізін жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағы құрайтынын әлемге жариялаған тоталитарлық билік ең ауыр жазаны тап сол қарапайым еңбек адамдарына қарсы қолданды. Оның шектен шыққан екі түрін айтуымыз да, айыптауымыз да керек. Бірі – тұтас әулетті қуғын-сүргінге ұшырату, екіншісі – «халық жауының» отбасын ойрандау.

Мақала мақсаты – бүкіл қоғамның, жекелеген әулеттердің, нақты адамдардың, соның ішінде әйелдер мен балалардың қасіретін құжаттар негізінде ашу. Автор, соның ішінде, Жүргенов, Қалменов, Бірімжанов әулеттеріне жасалған қиянатты талдай отырып, саяси қуғын-сүргін жоспарлы түрде жүрген деген қорытынды жасайды. Ол тоталитаризм табиғатынан, оның қылмыстық идеологиясынан туындаған еді.

**Кілт сөздер:** саяси қуғын-сүргін, отбасы, әулет, халық жауы, НКВД, ату жазасы, еңбекпен түзеу лагері

*Нұрымбетова Г.Р. \*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>доктор политических наук, профессор  
Президент архива Республики Казахстан  
Руководитель Центра по изучению материалов политических репрессий XX века  
Казахстан, г.Алматы, E-mail: gulshat\_nurymbet@mail.ru*

## ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ

### *Аннотация*

В статье автор рассматривает историю политических репрессий 30-50-х годов XX века в Казахстане на основе конкретных фактов и примеров. Чудовищное безразличие и произвол в то время унесли жизнь многих представителей казахской интеллигенции. Силловые структуры и судебные органы не смогли смотреть в глаза справедливости. Ибо совершенно нереально в течение недели, даже месяца разоблачить тысяч и «тысяч» «врагов народа», алашордынцев, иностранных агентов. Тоталитарный режим, провозгласивший союз рабочих и колхозных крестьян социальной основой страны Советов, самые суровые меры приняли именно в отношении рядового человека труда. Мы должны не только вычленивать, но и осудить два вида тяжелого преступления: первое - уголовное преследование целой династии, второе – безжалостный разгром ячейки общества – семьи.

Цель статьи – документально выразить трагедию как всего социума, и отдельных династий, конкретных людей, в т.ч. женщин и детей. Автор статьи, раскрывая трагические страницы династий Жургеновых, Кальменовых, Биримжановых, пришла к выводу, что политическая репрессия осуществлялась на плановой основе. Она вытекала из самой природы тоталитаризма, его преступной идеологии.

**Ключевые слова:** политическая репрессия, династия, враг народа, НКВД, расстрел, исправительно-трудовой лагерь.

*G.R. Nurymbetova\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>doctor of political sciences, professor  
President of the Archive of the Republic of Kazakhstan  
Head of the Center for the study of materials of political repression of the 20th century, Kazakhstan, Almaty  
E-mail: gulshat\_nurymbet@mail.ru*

## TRAGIC FATES

### *Abstract*

In the article, the author examines the history of political repressions of the 30-50s of the twentieth century in Kazakhstan on the basis of specific facts and examples. The security forces and the judiciary failed to look justice in the eyes. For it is completely impossible to expose thousands and thousands of “enemies of the people”, alashorda supporters, and foreign agents within a week, even a month. We must not only identify, but also condemn two types of serious crime: the first is the criminal prosecution of an entire dynasty, the second is the merciless destruction of the family.

The purpose of the article is to document the tragedy of both the entire society, and individual dynasties, incl. women and children. The author of the article, revealing the tragic pages of the Zhurgenov, Kalmenov, and Birimzhanov dynasties, came to the conclusion that political repression was carried out on a planned basis.

**Key words:** political repression, dynasty, enemy of the people, NKVD, execution, forced labor camp.

**Кіріспе.** Тәуелсіздіктің арқасында ХХ ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мәселесіне қатысты ақтандақтар ашылып, ақиқатты айту жалғасуда. Осы мәселені тереңінен зерттеп, себеп-салдарын, мәнін ашуда отандық тарихшыларымыз М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Х.Әбжанов[1] және басқалары үлкен олжа салды. Алаш қайраткерлері ақталып, олардың өмірі мен қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеуге қолымыз жетті [2]. Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Жұмабаевтың т.б. шығармалар жинақтары жарық көріп, ғылыми айналымға енді [3]. Сонымен қатар, қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеуге арналған кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, тұлғатану бағытындағы ізденістер ауқымы кеңейді. Естеліктер мен архив құжаттары оқырмандар қолына тиді[4], көркем және деректі фильмдер дүниеге келді. Осы жылдарда Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде саяси қуғын-сүргіннен жапа шеккендер мен оның құрбандарының құжаттар коллекциясы жинақталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі аса маңызды жарлығының нәтижесінде мемлекеттік комиссияның, өңірлік комиссиялардың құрылуы бұл мәселені зерттеуге жаңа серпіліс берді. Бір ғасырға жуық уақыт жабық болып келген архив қорларына қолжетімділіктің орнай бастауы саяси қуғын-сүргін тақырыбын жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Кешенді ізденіс қуғын-сүргіннің ашылмаған қыр-сырының көп екендігін дәлелдеп отыр. Бұған мемлекеттік комиссия жұмысы аясында том-том болып жарияланған архив құжаттары дәлел.

Советтер елінің әлеуметтік негізін жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағы құрайтынын әлемге жариялаған тоталитарлық билік ең ауыр жазаны тап сол қарапайым еңбек адамдарына қарсы қолданды. Оның шектен шыққан екі түрін айтуымыз да, айыптауымыз да керек. Бірі – тұтас әулетті қуғын-сүргінге ұшырату, екіншісі – «халық жауының» отбасын ойрандау.

Әулет – дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымында ерекше маңызға ие институт. Бабаларымыз ұрпағы мен елінің тағдырындағы ерекше маңызын түсінгендіктен жеті атасын білуді, жеті атаға дейін қыз алыспауды қапысыз сақтаған ғой. Бұл тектік әлеует пен ұрпақ жалғастығын жүйелі дамытудың ұлттық моделі еді. Әулет тарихы мәселесі отандық тарихнамадағы тың тақырыптардың бірі.

Осыны қапысыз ұғынған ғалымдарымыз әулет пен отбасы тарихын, этнографиясын, демографиясын, т.б. қырларын зерттеген, әлі де зерттеу үстінде. Бұл орайда Х.Арғынбаевтың, Е.Сыдықовтың, А.Қалыш-тың еңбектерін атап өтуіміз керек [5].

**Зерттеу мақсаты.** Мақаланың мақсаты ХХ ғасырдың 30-50 жылдарында орын алған саяси қуғын-сүргінді жаңа қырынан зерттеу. Совет үкіметі құрылған алғашқы күннен бастап-ақ өзгерістерді жүзеге асыруда қуғын-сүргін әдісін басшылыққа алды. «Жауды іздеу» қалыпты жағдайға айналды. ХХ ғасырдың 20 жылдарынан басталған қуғын-сүргін 1937-1938 жылдарда өз шыңына жетіп, жүздеген, мыңдаған, миллиондаған адамдар құрбан болды. Тоталитарлық жүйе ешкімді аяған жоқ. Жасына, жынысына қараған жоқ. Біздің мақсатымыз репрессия машинасының тұтас әулеттердің басына бұлт үйіріп, зобалаң салғанын, қасіретін ашу. Талай дарынды әулеттердің шаңырағы отбасына түсті.

Мысалы, Жұбановтар, Қоңыратбаевтар, Жүргеновтер, Қалменовтер, Күдериндер, Бірімжановтар әулеті. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруімізге болары ақиқат.

**Материалдар мен әдістер.** Мәселені зерттеу соңғы кезде табылған архив құжаттарына негізделген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (135-қор) мен Қазақстан Республикасы Президенті архивінің (352, 404, 708, 811-қорлар) құжаттары кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргіннің ақтандақтарын ашуда архивтік құжаттар жинақтарының маңызы зор. Әсіресе, 2021 ж. құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссия қызметінің аясында жарық көрген 72-томнан тұратын құжаттар жинағы қуғын-сүргіннің ауқымын көрсетеді.

Мақалада тарихилық, объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдістері басшылыққа алынды. Бастысы саяси қуғын-сүргінге қатысты материалдар мен құжаттарды тарихи сана мен жадыны қалыптастыру тұрғысынан пайымдау.

**Талқылау.** Жоғарыда жалпы әулет пен отбасы, саяси қуғын-сүргін мәселесін зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігіне тоқталып кеттік. Енді зерттеу өзегі нақты Абай ұрпағының, Жүргеновтер, Қалменовтер, Бірімжановтар әулеті тоталитарлық билікпен саяси қудалану мәселесі қалай зерттелуде деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» монографиясының 2-кітабында Бірімжановтар әулеті туралы, «Көпшілік қауым Ғазымбектің ағасы Ахмет Қорғамбекұлы Бірімжановты көбірек біледі. Өйткені, Ахмет Қорғамбекұлы 1906-07 жылдары I және II Мемлекеттік думалардың мүшесі болды. 1917 жылы желтоқсанда өткен II Жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүше болып сайланды» дей келе Бірімжанов Ғазымбектің өмір жолы туралы тың деректер мен ойларды тиянақтаған [6]. Ал Ғазымбектен кейінгі інісі Мұхтар Бірімжановқа қатысты зерттеу жоқтың қасы.

Жүргеновтер әулетінің саяси қудалану мәселесіне келетін болсақ, зерттеулердің басым денін Т.Жүргеновтің өмірі мен шығармашылық жолына арналған еңбектер құрайды. Оның өмірі мен қызметін, мұрасын зерттеуге тарихшылармен қатар педагогтар, тіл мамандары олжа салуда. Т.Жүргеновтің мәдени салаға қосқан үлесіне қатысты алғашқы еңбекті кенестік дәуірде белгілі мәдениет тарихын зерттеуші ғалым Р.Сүлейменов жазған еді [7]. Бұл еңбектің дүниеге келуі Т.Жүргеновтің ақталуымен тікелей байланысты.

Еліміздің тәуелсіздігімен келген ой мен шығармашылық еркіндігі Т.Жүргеновтің өмірі мен қызметіне, шығармашылығын кеңінен зерттеуге бетбұрыс әкелді. Соның нәтижесінде зерттеушілер А.Өтеғалиева мәдени-ұйымдастырушылық қызметі тақырыбында, Б.Иманғалиев әдеби-публицистикалық мұрасы бойынша, А.Садықова Т.Жүргеновтің қоғамдық-ағартушылық қызметі мен педагогикалық идеялары тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, жүргеновтануға тыңнан түрен салды [8].

Жалпы Т.Жүргеновтің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, жарыққа шығаруға Б.Иманғалиев үлкен үлес қосуда. Ол 2001 жылы Т.Жүргенов шығармаларының жинағын, 2012 жылы зерттеулер мен архив құжаттарының жинағын, 2013 жылы Т. Жүргеновтің әдеби-публицистикалық және ғылыми мұраларының жинағын жария етті [9]. Әрине, тұлғаны тануда архив құжаттарының алатын орны ерекше. Сондықтан Т.Жүргеновке қатысты Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан Республикаларының Орталық мемлекеттік архивтерінен, Қазақстан Республикасының Президенті архивінен алынған құжаттар берілген «Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында» жинағын айтуымыз керек [10]. Бүгінгі күні жүргеновтанудың негізі қаланып, ғылыми-танымдық ізденістер одан әрі жалғасуда. Тұлғаның айтулы мерейтойына орай 2023 жылы жазушы Б.Қойшыбайдың «Комиссар Жүргенов» атты кітабының жарық көріп, тұсаукесерінің өтуі соның дәлелі [11].

Иә, жүргеновтану жалғасуда. Себебі, оның өмірінің зерттеушілер мен оқырмандарға беймәлім тұстары баршылық. Айтпағымыз, ұзақ уақыт жабық болған кезіндегі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы архив құжаттарындағы ащы шындық.

Қалменовтер отбасының қасіретін зерттеу мәселесіне тоқталайық. Алпысбай Қалменов жайлы жарық көрген Ө.Озғанбай, С.Жақішеваның еңбектерін атауымыз керек [12]. Бұл еңбектерде зерттеу нысаны Алпысбай Қалменовтің өмірі мен қызметі. 2009 жылы жарық көрген «Қалменовы: отец и сын» мақалада Алпысбай Қалменовпен қатар ұлы Атлаш пен оның жұбайы Баршын туралы ақпарат берілген. Алайда, ақпарат толық емес.

Сонымен, жоғарыда келтірілген зерттеулерге шолудан көргеніміздей отандық зерттеушілермен тоталитарлық жүйенің тұтастай әулеттерді қуғын-сүргінге ұшыратып, қуғындағаны толыққанды зерттелмей келеді.

**Нәтижелер.** Қуғын-сүргін барынша жабық әрі құпия режимде жүзеге асты. Оның кадрлық әлеуеті, ішкі құрылымы, қаржыландырылуы, құжаттары – бәрі-бәрі ешқашан және ешкімге қолжетімді болған

емес. 1937 жылы Ішкі істер халық комиссариатының (бұдан әрі – ІХК) 20 жылдығын тойлаған салтанатты жиында партия қайраткері А.Микоянның: «Әрбір кеңес адамы – чекист» дегені бар. Қуғын-сүргінге қатысты құжаттар Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, кейіннен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) арнаулы мемлекеттік архив қорларында сақталып келді. Бұл құжаттар зерттеушілер үшін жабық болғаны да белгілі. Жариялана қалғандарына қарап, Алжир мен Карлаг тозағы фашистік концлагерьдегіден, Пол Пот эксперименттерінен асып түспесе жеңіл болмағанын байқаймыз. Миллиондардың өмірін жалмаған қылмыс тарихы ақтандақтардан арылмай әділетті қоғам құрылмайды.

Әулетке шабуылдың зардабын қазақтың бас ақыны Абай ұрпақтары бастан кешті. Осы орайда, алаштанушы академик М.Қойгелдиевтің бұл мәселеде Абай, Шәкәрім қажы және Тұрағұл Абайұлының қызметіне тоқталумен шектелмей «...Тұрағұлмен қатар Абайдың ұлы Микаелді, Оспанның ұлы Әубәкірді, Әубәкірдің ұлы Ғабдісәлімді, Шәкәрім қажының ұлы Ахат пен Зиятты, Абайға қандас туыс болып келетін Ысқақов Кәкітайдың ұлдары Даниял мен Меғдатты, Оразбайдың ұлы Медеуді атаған орынды» деген ойы болашақ зерттеулерге септесері сөзсіз.

Сонымен, 1931 ж. немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы атылды. Тап осы жылы 1884 ж. туған ұлы Микаел де атылды. 1934 ж. Әйгерімнен туған баласы Тұрағұл айдауда жүріп көз жұмды, айдауда жүрген немересі Әубәкір Ақылбайұлы дүниеден озды. 1937 ж. 21 қарашада Абайдың немере інісі Кәкітайдың ұлы Даниял Ысқақов ату жазасына кесіледі [13]. Кейбір зерттеулерде жер аударылды, айдауда жүріп 1941 ж. қайтыс болды деген мәлімет кездеседі. Менің ойымша, алғашқы үкім орындалған болуы керек.

ІХК жүйесінде атылып кеткен «халық жауларын» қияндағы лагерьде жүргенде жүрек (бүйрек, түберкулез...) ауруынан қайтыс болды деген жалған ақпаратты беру тәжірибесі кең қолданылған, жергілікті азаматтық хал актілерін жазу органдарынан сондай қағаз алып, іздеушілерін көп шатастырған. Айталық, архив қорында сақталған алашшыл Жұмахан Күдериннің ісінде оның туған-туыстарына берілген анықтамаларда өлген күні деп екі түрлі дата, 1938 ж. 19 шілде мен 1943 ж. 13 қараша, көрсетілген. Екеуі де жалған даталар.

Иә, патша заманында Абай әулетінің бай-бақуатты болғаны рас. Бірақ большевиктер диктатурасы орнауымен кешегі меншік иелері экономикалық қысымға ұшырап, дүние-мүлкінен айырылғаны да рас. Сонда да байдың ұрпағы деп айыптау соңдарынан қалмады. Материалдық-тұрмыстық жағдаймен бір ауылдан екінші ауылға көшіп барғандарының өзіне күдікпен қарады. Мәселен, Шыңғыстаудан Үржарға қоныс аударған Әубәкір Оспановқа 1932 ж. 16 мамырда толтырылған хаттамада ертеректе 10 ірі қарасы болғаны, бүгіндері сіңірі шыққан кедей екені баса көрсетілген. Ал ол Үржарға Абайдың інісі, Майбасардың немересі Мұхамеджанов Әбуғалиды сағалап келген еді. Мұнда Құнанбай ұрпағы Ұсытқан Нұрлыбаев та тұрып жатқан-тын. 1931–1933 жж. аштықтан өлгендері де болды.

Қарап отырсақ, бұлардың барлығы қуғын-сүргіннен көз ашпағандар. Біразы атылып кетті. Кейбіреулерінің сүйегі қайда қалғаны белгісіз. Тірі қалғандарының көп күні өкінішпен өтті.

Қандай адами-интеллектуалды байлықтан, қандай алтынның сынықтарынан айрылғанымызды қуғын-сүргінге ұшыраған әулеттердің шыққан тектері-ақ айғақтап тұр. Олар – Арынғазы сұлтанның немересі Камалетдин, Мұстафа Шоқайдың інісі Мұртаза, жақын туысы Қалмұхамедов Мырзаке, І-ІІ Мемлекеттік Дума депутаты Алпысбай Қалменовтың ұлы Атлаш, әйгілі Бірімжановтардың ұрпағы Ғазымбек пен Мұхтар, Батырбек, Абылай ханның тікелей ұрпағы Тезек төренің ұлы 79 жастағы Құдаярхан, т.б. Арынғазы сұлтан патшалық тарапынан қуғындауға ұшырап, орыс қаласы Калугада мәңгілік мекенін тапса, немересі Камалетдин тоталитарлық жүйе құрбаны.

Шыққан тектері ірі болғанымен тұтқындалған сәттегі әлеуметтік жағдайы әр қилы еді. Әубәкір Оспанов өз еңбегімен күнін көріп жүрсе, Атлаш Қалменов нарком қызметінде отырды. Мұртаза Шоқай жеке қожалық иесі еді. Батырбек Бірімжанов Ленинград университетінде аспирантурада оқып жатқан болатын. Ағалары Ғазымбек пен Мұхтар атылып кеткен еді.

Қуғын-сүргін зобалаңы – ұрпақаралық байланысты үзуімен тұқым қуалай жалғасатын ойшылдық пен батырлықты, сымбат пен кемелдікті, қасиет пен имандылықты әлсіретті, кейбір жағдайларда мүлде жойып жіберді. Бұл шығынды ешқандай алтынмен, қазына-мүлікпен толтыру мүмкін емес. Бүгінде А.Құнанбаев әулетінен еркек кіндікті ұрпақ қалмады. Зорлық зардабынан сонау заманнан келе жатқан С.Сейфуллиннің, Т.Жүргеновтің шежірелері үзілді. М. Шоқайдан ұрпақ жоқ.

Архив құжаттарымен таныса отырып, советтік билік халық арасында беделі зор, азды-көпті малы бар жандардың басына тозақ орнатқанына көз жеткіземіз. Мәселен, 1928 ж. ортасында 65 жасар А.Қалменовтің 4 жаннан тұратын отбасында ірі қараға шаққанда 33 бас қана мал болған екен, яғни бай деуге келмейді, орташаның нағыз өзі.

Жергілікті және республикалық билік Қалменовті кәмпескелеу-кәмпескелемеу жайлы ұзақ айтысты. Оған І. Құрамысов пен Е. Ерназаров та араласты. Ақыры 1929 ж. Қарқарылыға жер аударып тынды. Шешім қабылдағандар, ашығына келгенде, тұлғаның мал-басының молдығын көре

алмағанынан бұрын әулеттің интеллектуалды әлеуетінен қорықты. Қалменовтар, делінген Құрамысов қол қойған, Ерназаров-қа жіберілген хатта, «...округтегі ең мәдениетті жалғыз ұя, демек антисоветтік көңіл-күйді өте қауіпті адамдар...» [14].

Құрамысов қол қойған екінші құжатта да осы ой қайталанады: «...Өзінде және бауыры Мұқаш Қалменовте қаптаған ұлдар, орта, тіпті жоғары білімділері бар, Алпысбаев Атлаштан басқаларының бәрі зиянды адамдар...» [14].

Он жыл өткеннен кейін зиянды емес деп есептелген ұлы Атлаш Қалменов те, 1938 жылы 2 қаңтарда, тұтқындалады. Ол жергілікті өнеркәсіп халық комиссары қызметін атқарған болатын. 1925 жылдан әртүрлі буржуазиялық-ұлтшыл топтың құрамында болған, ал 1929 жылы Қазақстанда жұмыс «жасаған» антисоветтік ұлтшылдар ұйымына кірген, осы антисоветтік ұйымның москвалық орталығының жетекшісі Нұрмақовпен байланысы болған, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында зиянкестікпен айналысты деген айып тағылып, сотпен кінәлі деп табылды.

Троцкистер және оңшылдармен байланысы бар ұлттық ұйым мүшесі, белсенді антисоветтік жұмыс жүргізгені үшін Қылмыстық кодекстің 58-2, 58-7, 58-8 и 58-11 баптары бойынша айыпталды. 1938 ж. 8 наурыз күні КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы көшпелі сессиясы ату жазасына кесу туралы үкім шығарды. Үкім сол күні орындалған. Артынша 11 сәуірде әйелі Баршын Қалменова ұсталған. Бар болғаны 2 айдың ішінде оның тағдыры шешіліп, ПХК жанындағы Ерекше мәжілістің 1938 жылғы 10 маусымдағы шешімімен Отанын сатқан отбасы мүшесі ретінде 8 жылға бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу лагері Карлағқа жіберілген. Лагерде Б.Калменованың «А» тобындағы мүгедек екені бірнеше рет актімен расталған. Бұған қарамастан тек 5 жылдан кейін шешім өзгертілген. 1943 жылы 22 маусымда ПХК, Юстиция халық комиссары мен КСРО прокурорының директивасының негізінде босатылған [15].

Сонымен, халықтың қамқоршысындай көрінгісі келген советтік билікке елдің сөзін ұстаған дәулеттілер мен оқығандар ұнамайды екен. Дәулеттілер қанаушы ретінде жазаланды, ал оқығандар халықты оятушы әрі биліктің мазасын алушы ретінде қабылданды. Большевиктер интеллигенцияға сене бермеді. Мұның артында қай қоғамда болмасын тоқтаусыз жүре беретін билікке талас факторы тұруы да мүмкін.

Саяси қуғын-сүргін Бірімжановтар әулетін де айналып өтпеген. Тоталитарлық биліктің құрығына бірінші болып Ғазымбек Бірімжанов ілінді. Ол Алаш партиясының бағдарламасын әзірлеген, қозғалыстың белсенді мүшелерінің бірі. Алаш қайраткерлеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы процесс кезінде 1928 ж. 30 желтоқсанда Вологодск біріккен мемлекеттік саяси басқарма (бұдан әрі – БМСБ) қызмет-керлерімен тұтқындалып, Қызылорда еңбекпен түзеу үйінде отырған, 1929 ж. Бутырка түрмесіне ауыстырылған. 1930 ж. 4 сәуірде РСФСР ҚК 58-4, 58-10, 58-11 баптарымен айып тағылып, БМСБ алқасының шешімімен ату жазасына кесілген. Алайда, 1931 ж. 13 қаңтарда ату жазасы 10 ж. еңбекпен түзеу лагерімен ауыстырылған. Мал-мүлкі тәркіленіп, отбасы мүшелері қоныс аударылған. 1931 ж. 1 ақпанда Кемь қ. (Карелия) жөнелтілген. «Туркмен Азатлығы» қайраткерлеріне қарсы ұйымдастырылған іске байланысты Ғ.Бірімжанов 1933 ж. Орта Азиядағы БМСБ ӨӨ құзырына жіберілген. Дәл осы кезде, 1933 жылы 21 тамызда, оның інісі М.Бірімжанов та тұтқындалады. 23 тамызда дайындалған анықтамада контрреволюциялық ұлтшыл топ мүшелері ретінде бас-аяғы 17 адам тұтқындалып, жауапқа тартылған. 21 тамыздан 21 қыркүйек аралығында, яғни 1 ай ішінде, одан 8 рет жауап алынған екен. Тергеу хаттама-ларына қарасақ жауап алу негізінен кешкі 22.00 немесе 23.00 басталып, 5-6 сағатқа созылып отырған.

Өктем әрі екіжүзді советтік биліктің табиғатын білген, идеологиясын қолдаған жандар отқа май құя түсті. Ол М. Бірімжановтың тергеу ісінен анық көрініп тұр. Тергеуші алдында айтқандай, 1930 ж. Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жатқан ол алашордашыл Ғазымбектің інісі болғандықтан шолақ белсенділер тарапынан қысым көре бастайды. Бұл Мұхтар емес, Ғазымбектің нағыз өзі деп көрсетушілер табылыпты. Айналып келгенде, оқудан шығарылмаса да шәкіртақидан қағылыпты. 1932 ж. университетті аяқтап Орал қаласында оқытушылық еңбек жолын бастайды. Алайда басқан ізін аңду тоқтамаған еді.

Ұжымдастыру енді басталып жатқанда-ақ текті жігіт ахуалды дұрыс түсінген екен. «Ұжымдастыру қарқыны қате, қазақ халқы оған даяр емес, Қазақстандағы жағдай жылдан жылға ауырлап барады. Осының бәрі менде антисоветтік ұлтшыл көңіл-күйді оятты» депті.

1934 жылғы 5 ақпандағы БМСБ ӨӨ үштігінің шешімімен 14 адам РСФСР қылмыстық кодексінің 58-11, 58-16, 58-8 баптары бойынша жауапқа тартылған. Соның ішінде 1 адам – 10 жылға, 7 адам – 5 жылға, 2 адам – 3 жылға, 3 адам – 3 жылға, 1 адам – шартты түрде 1 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. М.Бірімжанов 5 жылға бас бостандығынан айрылған екен.

Мұхтар Бірімжанов туралы көп айтыла бермейді. Сондықтан қолдағы бар мәліметтерге сүйене отырып, Мұхтар Бірімжановқа қатысты өмірдеректі бір ізге түсіруге тырыстық. Сонымен Мұхтар

Бірімжанов Қорғанбекұлы 1907 жылы Торғай уезінде дүниеге келген. Әкесі Қорғанбек Бірімжанов Торғай уезі бастығының көмекшісі қызметін атқарған. 1924 жылы Орынбордағы тәжірибелік «Коммуна» атты 9-жылдық мектепке түсіп, оны 1927 жылы сәтті тәмәмдаған. Сол жылы Орынбор қаласындағы пединститутқа түскен. Жоғарыда айтып кеттік 1929 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алған екен. Әйелі Хадиша Аймұхамедқызы Қасимова Ташкенттегі медицина институтында оқыған. Мұхит атты ұлы болған.

Ғазымбек пен Мұхтар Бірімжановтар шамамен бір мезгілде еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Ғ.Бірімжанов екінші рет 1937 ж. 9 қазанда тұтқындалып, Москваға жөнелтілген. 1938 ж. 19 наурыздағы КСРО Жоғары сотының Әскери коллегиясының шешімімен ату жазасына кесілген. Ал, М. Бірімжанов Севвостлагта [16] жазасын өтеп жүріп, лагерде ұйымдасқан контрреволюциялық топтың мүшесі деген айыппен Қиыр Шығыс ІХК басқармасы үштігінің 1938 ж. 17 мамырдағы шешімі бойынша ату жазасына кесілді.

1938 ж. бауыры Батырбек те ІХК құрығына ілінді. Ағайындылардан тірі қалғаны Батырбек Бірімжанов қана. Кейінде ол ұзақ жылдар бойы Қазақ университетінің химия факультетін басқарды. Шәкірттер даярлады, ғылымды өрге сүйреді.

Қуғын-сүргінге ұшыраған әулеттердің бірі Жүргеновтер әулеті. Саяси қуғын-сүргінге Т.Жүргенов ғана емес оның әкесі Қара Жүргенов пен бауырлары Досшан мен Қосшан Қараевтар, әйелі Дәмеш Жүргенова-Ермекова да ұшырады. Т.Жүргенов тұтқындалғанда халық ағарту комиссары еді. Ал оның бауырлары Досшан мен Қосшан Қараевтар БМСБ /ІХК құрығына әлде-қайда ерте ілігіп, 30-жылдардағы Қарақұм көтерілісінің белсенді ұйымдастырушылары ретінде жазаланған болатын. Қараев Досшан 1931 жылғы 11 мамырда БМСБ Шымкент оперсекторымен тұтқындалып, БМСБ алқасының 1932 жылғы 19 қаңтардағы шешімімен РСФСР Қылмыстық кодексі 58-бабының 3 тармағы бойынша жазалаудың ең жоғарғы шарасына үкім шығарылған. Оған Қарақұмдағы көтерілісті ұйымдастырды деген айып тағылып, үкім Шымкент қаласында 1932 жылғы 3 сәуірде орындалған. Ал, Қараев Қосшанды 1931 жылғы 1 шілдеде Шымкент қаласында Мемлекеттік саяси басқарма бөлімі – БМСБ органдары тұтқындаған. БМСБ Алқасының 1932 жылғы 19 қаңтардағы мәжілісі бойынша 10 жылға концлагерьге айдалған[17].

Бауырларынан кейінгі кезек Т.Жүргеновтің өзіне келеді. Оны қамауға алу туралы КССР ІХК МҚБ қаулысы 1937 жылдың 2 тамызы күні шығарылып, Алматыдағы КССР ІХК тергеу түрмесіне қамау ұсынылған. Осы қаулыда Т.Жүргеновті тұтқындау КСРО Прокуроры Вышинскиймен 1937 жылдың 27 шілдесінде №798 санкцияланғаны көрсетілген. Демек, Т.Жүргеновті қамау мәселесі алдын ала шешілген. Тұтқындау туралы ордер де 2 тамызда толтырылған.

Артынша әкесі Қара Жүргенов совет өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді деген желеумен тұтқындалып, оған партия мен өкіметтің колхоз құрылысындағы шараларына қарсы әрекет жасады деген айып тағылған. Бұған дейін ол бай жартылай феодал ретінде 1928 жылы 5 жылға Жаңаарқа ауданына жер аударылған. 1937 жылы 17 тамызда Қ.Жүргенов тұтқындалғанда жасы 79 екен. Бар болғаны бір айдың ішінде, 1937 жылы 15 қыркүйекте, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ІХК басқармасы үштігінің шешімімен ату жазасына кесілген[17].

Ал Т.Жүргенов болса №1 1020 іс бойынша айыпталған. Бұл іс бойынша сол кездегі республиканың саяси басшылығы «халық жаулары» деп танылған болатын. Олардың қатарында Т.Рысқұлов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, Ұ.Құлымбетов, Н.Нұрмақов, С.Асфендиаров, т.б. бар. Күн демей, түн демей алынған жауаптардан кейін Т.Жүргенов КСРО Жоғары соты Әскери коллегиясының көшпелі сессиясының 1938 жылы 28 ақпандағы шешімімен РСФСР ҚК 58-2, 58-8, 58-9, 58-11 баптары бойынша айыпталып, ату жазасына кесілген.

Әйелі Дәмеш Жүргенова-Ермекова «Отанын сатқан отбасының мүшесі» ретінде 1938 жылдың көктемінде тұтқындалады. Айыптау қорытындысы 28 сәуірде шығарылған. Арада 1-2 ай өткенде ІХК жанындағы Ерекше мәжілістің 1938 жылғы 10 маусымындағы шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айрылып, лагерге айдалған. Жазасын ІХК СевУрал лагерінде өтеген. 1945 жылы үлгілі тәртібі үшін лагерден босатылып, 1946 жылы Алматыға оралған. Лагерде отырған 7 жылда көрген азабы аздай 1948 жылы ҚазССР Ішкі істер министрлігі тарапынан қуғындалып, Алматыдан алыстатылған.

Осылайша сталиндік қуғын-сүргін аса талантты әулеттердің түбіне жетті.

Тоталитарлық жүйенің әулетке шабуылына тән екі заңдылық барын байқаймыз. Бірі – большевиктер Алаш қозғалысына қатысушылармен үлкен-кіші деместен олардың соңғы демі таусылғанша айқасты. Екіншісі – алашордашыл деп танылған айыпталушылардың үкімін шығарғанша от алып келгендей асықты. Айталық, Алматы облыстық ІХК үштігінің кезекті отырысы 1937 ж. 31 тамызда өткен екен. Ақсу ауданының тумасы Қилыбаев Нұрғалидың, 1889 ж. туған Ізембаев

Қожақанның, 1903 ж. туған, Октябрь ауданының тумасы Ізембаев Батырханның, 1906 ж., туған істері қаралады.

Н.Қылыбаев тұтқындалғаннан 19-20 жыл бұрын атаман Анненковтың әскерінде қызмет еткені, Алашорда еріктісі болғаны, халық көтерілісіне қатысқаны бетіне басылды. Өттең басқа құжаттар сақталмаған. Әйтпесе Нұрғалидың кең ой иесі екені күмән туғызбайды. Ол айтқан мына сөздері хаттамаға түсіпті: «Совет өкіметі Құлымбетовті, Жүргеновті тұтқындады. Бұл кісілер шынтуайтына келгенде қазақ халқының «күдайлары», олар ешқандай қылмыс жасаған емес, совет өкіметі оларды тұтқындады, демек совет өкіметі қазақ ғалымдарын жоюға кіріскені енді түсінікті» [18, 47 п.].

Ал ағайынды Ізембаевтар шекараны бұзып, 4 рет Қытайға өткен екен. Соншама рет елге қайтып келіпті. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін жанкештілік.

Үшеуі де ату жазасына кесілді. Үкім шыққанша Н. Қылыбаев абақтыда бар болғаны 12 күн отырса, Ізембаевтар 8 күн қана қамауда болған екен [18, 63-64 п.]. Тоталитаризм тұсындағы адам өмірінің бағасы осындай. Құжаттарда отбасы, бала-шағалары жайлы бір ауыз сөз жоқ.

1937–1938 жж. «Үлкен террор» ПХК құрығына ілінген билік басындағылардың өзін де, әулетін де, отбасын да тентіретіп жіберді.

### **Қорытынды.**

Қуғын-сүргін тарихын пайымдай отырып, заңсыздықтың шектен шыққан түрлері орын алғанын көреміз. Сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алашақтағанын құжаттар дәлелдеуде. Әйтпесе, бір аптада жүздеген, бір айда мыңдаған «халық жауларын», алашордашыларды, шетел тыңшыларын т.б. әшкерелеу мүмкін емес қой. Кейбір айыптауларға бүгін де сену мүмкін емес. Саяси қуғын-сүргін бірде-бір отбасын айналып өтпеген. Саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы жүзеге асқанын архив құжаттары дәлелдеуде. Президент архивінде сақталған 1937-1940 жж. аралығындағы Қазақстанның коммунистік партиясының ОК құжаттарымен таныса отырып, антисоветтік элементтерге қатысты берілген тапсырмалар, ПХК үштіктерінің құрамына ұсынылған кандидатуралар туралы ақпараттарды кездестірдік. 1937 жылы 10 қыркүйекте ҚКП ОК бюросы қабылдаған қаулы бойынша: Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарын-да ауыл шаруашылық саласында зиянкестікпен айналысқан контрреволюциялық топ мүшелеріне қатысты үлгілік процесс ұйымдастыру туралы шешім қабылданған. Құжатта Үржар ауданы, Шет ауданы, Қарқаралы аудандары нақты көрсетіліп, сот процесінің басталу-аяқталу күндеріне дейін белгіленген. Ал 1937 жылы 19 қарашадағы Қазақстан Коммунистік партиясының ОК бюро шешімі бойынша 1-категория бойынша 1500 адамды, 2-категория бойынша 2600 адамды қуғындау жоспарланған. Демек, бұл саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүргізілгенін бұлтартпай дәлелдейтін айғақ. Сондай-ақ, партия мүшелерін ПХК органдары тұтқындамастан бұрын олардың істері партиялық комиссияда қаралып, «халық жауы» ретінде партиядан шығарылумен қатар қызметтен босатылатын болған.

Құжаттарды ой елегінен өткізе отырып, тағы бір байқағанымыз, күйеулері – өлім жазасына кесіліп, бұйрық орындалғаннан кейін әйелдері тұтқындалған. Олардың барлығына бірдей «Отанын сатқан отбасылар мүшесі» деген айып тағылған. Балалары, ата-анасы, аға-інілері де қара тізімге іліккен. Бұл саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүргенінің тағы бір дәлелі.

Әрине, шағын мақалада талай адамдардың өмірін жалмаған қызыл қырғынның ауқымын қамту мүмкін емес. Дей тұрғанмен, біз тоталитарлық биліктің қолда бар құжаттардың негізінде Абай, Бірімжановтар, Жүргеновтер, Қалменевтер әулеттеріне қатысты жасаған қиянатын ашуға тырыстық.

Ұлы далаға большевиктер әкелген апаттан тұтас әулеттердің шаңырағы ортасына түсті, сүттей ұйып отырған отбасы ойрандалды. Шарасыздықтан үнсіз жылаған әке мен атаның, бірін-бірі іздеп шарқ ұрған ана мен баланың көз жастары бекер кетпеді. Соңғы 70 жылдан бері Қазақстан халқы қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда, мұраларын, есімдерін, аманаттарын қайта жаңғыртуда. Қазақтың сағын сындырып, үрейін ұшыру үшін большевиктер ұйымдастырған қызыл қырғын құрбандары тәуелсіздік арқасында толық ақталып, ұлттық мақтанышымызға айналды.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қозыбаев М. *Ақтаңдақтар ақиқаты*. – Алматы, 1992. 272 б.; Нұрпейісов К. *Алаш һәм . Алашорда*. – Алматы, 1995. 256 б.; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді*. – Алматы, 1993. 208 б.; Әбжанов Х. *Қазақстандағы қуғын-сүргін және ұлт менталитеті // Ақиқат, 2021. №5*.
2. Нұрпейісұлы К. *Алаш ақиқаты*. – Алматы, 2010; Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы. 1 кітап*. – Алматы, 1995; Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы. Екінші кітап*. – Алматы, 2017. 656 б.; Аманжолова Д. *Алаш: исторический смысл демократического выбора*. – Алматы, 2013; Қирабаев С. *Ахмет Байтұрсынов — тәуелсіздік жыршысы // Қазақ, — 2012. — №14-15; Қамзабекұлы Д. Алаш және*

әдебиет. – Астана, 2002; Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Түрме әфсанасы, Жегі, 1 том, - Алматы, 2007; Жұртбай Т. «Ұраным - алаш!..», Түрме әфсанасы, Талқы, 3 том, – Алматы, 2012 және т.б.; Сыздықова Р. А. Байтұрсынов. - Алматы, 1990; Кенжебаев Г., Әнес Г. Халел Досмұхамедұлы. – Алматы, 2018.

3. Аймауытұлы Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2013.; Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы, 2013. Т.4.

4. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова Г.Б., Мәлікова С.З., Оспанов К.Қ., Тайшыбай З.С. – Петропавл, 2018. Т.1; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.3. Ахмет Байтұрсынұлы. Қиянатқа қарсылық. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: М.Қойгелдиев (жауапты ред.), З.Мырзатаева / жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин – Астана, 2022.

5. Аргынбаев Х. Казахская семья Алматы, 1996; Кунанбай / Ерлан Сыдықов. М.: Молодая гвардия, 2020. 351 с.; 6. Сыдықов Е. Құнанбай әулетінің тарихы. Ғылыми дерекнамалық жинақ. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2021. 400 б.

6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. Алматы: Мектеп, 2017. 656 б.

7. Сүлейменов Р. Темірбек Жүргенов - Алма-Ата. 1957.

8. А. Утегалиева Культурно-организаторская деятельность Темирбека Жургенева: автореферат дис. ... кандидата исторических наук: 07.00.12. - Алматы, 1996; Б.Иманғалиев Т. Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы: филология ғыл. кандидаты диссертациясының авторефераты. – Алматы, 1998; А. Садыкова Общественно-просветительская деятельность и педагогические идеи Т. Жүргенова: автореферат диссертации кандидата педагогических наук. – Алматы, 2005.

9. Иманғалиев Б. «Т. Жүргенов. Таңдамалы. Избранное» - Алматы, 2001; Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы) – Алматы. 2012; Темірбек Жүргенов: Зерттеулер, мақалалар, естеліктер мен арнау, жыр-толғаулар. – Астана, 2014.

10. Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында. – Алматы, 2020.

11. Қойшыбай Б. Комиссар – Жүргенов. – Алматы, 2023.

12. Қайраткер Алтысбай Қалменов / Өмірзақ Озғанбай, Беркін Кұрманбеков. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. — 176 бет; Жақишева С.А., Қозыбақова Ф.А., Алтысбай Қалменов – бай второй категории // «Қазіргі кезеңдегі архив ісі: мәселелер, тәжірибелер, инновациялар»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы қ., 20 қазан 2021 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 166 стр.

13. ҚР ПА. 352 қ. (Алматы қ.). 2 т., 2 іс. 195, 196 п.

14. ҚР ОМА. 135 қ., 1 т., 433 іс. 2 п.

15. ҚР ПА. 404 қ. (Қарағанды, Қарлағ), т.1. 11404 іс, 35 п.

16. Солтүстік-Шығыс еңбекпен түзеу лагері ОГПУ-НКВД-МВД құрылымында 1932 ж. құрылып, 1951 ж. басқа басқармаға берілген.

17. Утегалиева А.Д. Темірбек Жүргенов: триумф и трагедия / А.Д. Утегалиева. Алматы, 2023. – 236 с.

18. ҚР ПА. 352 қ. (Алматы қ.). 2 т., 1 іс. п. 47, 58, 63, 64.

#### References:

1. Kozymbaev M. Aktandaktar akikaty. – Almaty, 1992. 272 b.; Nurpeyisov K. Alash hәм. Alashorda. – Almaty, 1995. 256 b.; Koigeldiev M., Omarbekov T. Tarikh tagylymy not deydi. – Almaty, 1993. 208 b.; Abzhanov Kh. Kazakstandagi kugyn-surgin zhane ult mentality // Akikat, 2021. No. 5.

2. Nurpeyisuly K. Alash aqikaty. – Almaty, 2010; Koygeldiev M. Alash Kozgalysy. 1 kit. – Almaty, 1995; Koygeldiev M. Alash Kozgalysy. Ekinshi kitap. – Almaty, 2017. 656 b.; Amanzholova D. Alash: the historical meaning of democratic choice. – Almaty, 2013; Kirabaev S. Akhmet Baitursynov - tauelsizdik zhyrshysy // Kazakh. - 2012. - No. 14-15; Kamzabekuly D. Alash zhәne әdebiет. – Astana, 2002; Zhurtbay T. “Uranym - Alash!..”, Turme Afsanasy, Zhegi, 1 volume, - Almaty, 2007; Zhurtbay T. “Uranym - alash!..”, Turme аfsanasy, Talky, volume 3, – Almaty, 2012; Syzdykova R. A. Baitursynov. - Almaty, 1990; Kenzhebaev G., Andes G. Khalel Dosmukhameduly. – Almaty, 2018.

3. Aimauityuly Zh. Alty tomdyk shygarmalar zhinagay. – Almaty, 2013; Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhinagay. Alippeler men makalalar zhinagay. – Almaty, 2013. T.4.

4. Mazhan Zhumabay omiri men shygarmashylygynyyn shezhiresi. Akhmetzhanova G.B., Malikova S.Z., Ospanov K.K., Taishybay Z.S. – Petropavl, 2018. T.1; Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn aktau zhonindegі



*Memlekettik commission materials (XX Gasyrdyn 20-50 zhyldary) – Materials of the State Commission for the complete rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the twentieth century). T.3. Akhmet Baitursynuly. Kiyanatka karysylyk. Kuzhattar men materialdar zhinaga. Kurastyrushylar: M.Koygeldiev (zhaupt ed.), Z.Myrzataeva / zhalpy editorial son baskargan E.T. Karin - Astana, 2022.*

5. Argynbaev H. *Kazakh family Almaty*, 1996; Kunanbai / Erlan Sydykov. M.: *Young Guard*, 2020. 351 pp.; 6. Sydykov E. *Kunanbay auletinin tarikhy. Gylymi dereknamalik zhinak. Nur-Sultan: "Alashorda" Kogamydyk kory*, 2021. 400 b.

6. Koygeldiev M. *Alash Kozgalysy: Monograph. Ekinshi kitap. Almaty: Mektep*, 2017. 656 b.

7. Suleimenov R. *Temirbek Zhurgenov - Alma-Ata. 1957.*

8. A.Utegalieva *Cultural and organizational activities of Temirbek Zhurgenov: abstract of thesis. ... candidate of historical sciences: 07.00.12. - Almaty, 1996; B.Imangaliev T.Zhurgenovtin Adebi-journalism: philology gyl. candidates dissertation son abstracts. – Almaty, 1998; A. Sadykova Social educational activities and pedagogical ideas of T. Zhurgenov: abstract of the dissertation of a candidate of pedagogical sciences. – Almaty, 2005.*

9. Imangaliev B. *"T.Zhurgenov. Tandamals. Favorites" - Almaty, 2001; Temirbek Zhurgenov (zertteuler, makalalar, kuzhattar zhinagay) – Almaty. 2012; Temirbek Zhurgenov: Zertteuler, makalalar, estelikter men arnau, zhyr-tolgaular. – Astana, 2014.*

10. *Temirbek Zhurgenov – muragat kuzhattarynda. – Almaty, 2020.*

11. *Koyshybai B. Commissioner – Zhurgenov. – Almaty, 2023.*

12. *Kairatker Alpysbay Kalmenov / Omirzak Ozganbay, Berkin Kurmanbekov. - Almaty: Nurly Alem, 2006. - 176 bet; Zhakisheva S.A., Kozybakova F.A., Alpysbai Kalmenov – a second-category buy // "Kazirgi kezendegi archive isi: maseleler, tazhiribeler, innovationalar": halykaralyk gylymi-tazhiribelik conference materials. Almaty k., 20 kasan 2021 – Almaty: Kazakh University, 2022. – 166 pages.*

13. *KR PA. 352 k. (Almaty k.). 2 t., 2 is. 195, 196 p.*

14. *KR OMA. 135 k., 1 t., 433 ic. 2 p.*

15. *KR PA. 404 k. (Karagandy, Karlag), vol. 1. 11404 is, 35 p.*

16. *Soltustik-Shygys enbekpen tuzeu camp OGPU-NKVD-MVD Kurylyminda 1932 Kurylyp, 1951 baska baskarma berilgen.*

17. *Utegalieva A.D. Temirbek Zhurgenov: triumph and tragedy / A.D. Utegalieva. Almaty, 2023. – 236 p.*

18. *KR PA. 352 k. (Almaty k.). 2 t., 1 is. paragraphs 47, 58, 63, 64.*